

әдістемелік құралдар мен ұсынбалар, дидактикалық материалдар, білімді, іскерлікті, дағдыны бақылауға арналған тестілер:

- 1) таңдау бойынша сабақтардан;
- 2) факультативтерден;
- 3) бейіндік пәндерден;
- 4) қолданбалы курстардан;
- 5) таңдау бойынша курстардан;
- 6) арнайы курстардан ұсынылады.
6. Ұсынылған жобаның бір сабағының бейне материалы болуы қажет.
7. Материалдар қағаз және электрондық тасымалдаушылармен тапсырылуы керек.
8. Конкурсты өткізудің мынадай кезеңдері мен мерзімдері белгіленеді:
 - I кезең - дарынды балаларға арналған барлық білім беру ұйымдарында - мамыр айы;
 - II кезең - облыстық маусым-шілде айлары;
 - III кезең – республикалық – қыркүйек, қараша айлары.
9. Республикалық конкурсқа ұсынылған жобаларға сараптама жасау – жыл сайын қыркүйек айында.
10. Конкурстың қорытындысын шығару - жыл сайын қараша айында.
11. Тиісті әкімшіліктер, білім беруді басқару органдары, біліктілікті арттыру институттары, демеушілер конкурстың құрылтайшылары бола алады.
12. Конкурстың I және II кезеңдері жергілікті жерде белгіленген тәртіпке сәйкес өткізіледі.
13. Конкурсқа әрбір облыстан облыстық конкурстың жеңімпаздары мен жүлдегерлерінің әр түрлі пәндерден жобалары жіберіледі.
14. Конкурсқа қатысушылардың іс-сапар шығыстары тиісті білім беруді басқару органдарына, білім беру ұйымдарына, демеушілерге жүктеледі.

Конкурс құжаттарына қойылатын талаптар

15. Әзірленген құжаттың құрылымы мынадай бөліктерден тұрады:
 - 1) түсінік хаты;
 - 2) нормативтік бөлігі;
 - 3) мазмұндық бөлігі;
 - 4) ақпараттық -әдістемелік бөлігі.
- Түсініктеме жазба мәтінінің негізгі құрылымдық элементтері мыналар болып табылады: оқу пәнінің (курстың) мақсаттары мен міндеттерін ашу; ұсынылған құжаттың жасалу негізі; оның бірізділігін жасаудағы жалпы логикасы және мазмұнын іріктеу негіздемесі; оқу процесінің жалпы сипаттамалары, нысандары, жұмыс әдістері, құралдары; құжатты жүзеге асыратын инновациялық педагогикалық технологиялар; осы жобаның қазіргі бар құжаттардан айырмашылығы, ерекшелігі, түпнұсқалылығы неде, осы құжатқа енгізілген жаңалықтарды түсіндіру, құжаттың мәтініне техникалық нұсқаулар беру.